

## Жеменей И.<sup>1</sup>, Палтөре Ы.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>филология ғылымдарының докторы, e-mail: Jemeneyislam@yahoo.com

<sup>2</sup>PhD, e-mail: yktyiar@inbox.ru

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ.,

### ҚОРҚЫТ АТА ЖЫРЛАРЫНЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

Мақалада Қорқыт Ата жырының түпнұсқалық көшірмесі мен неміс, түрік, парсы, әзірбайжан, қазақ қорқыттанушы ғалымдарының тұжырымдарына сүйене отырып, жырдың шығу тарихы, әлем әдебиетіндегі орны, түркі халықтарының тарихы мен мәдениетін танытудағы маңызы, тілі, аударылу тарихы және Қорқыт атаның тарихи бейнесі туралы зерттеулерге шолу жасалған. Шығарманың зерделенуі мен өзге тілдерге аудармасы, Қорқыт Ата тұлғасы туралы автор өзіндік пайымдамалар жасайды.

**Түйін сөздер:** Қорқыт ата бейнесі, түпнұсқалық көшірме, дастан, оғыз тайпалары, қолжазба, қорқыттану.

Zhemenev I.<sup>1</sup>, Paltore Y.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>professor, Dr., e-mail: Jemeneyislam@yahoo.com

<sup>2</sup>PhD, e-mail: yktyiar@inbox.ru

Al-farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

### The history of the epic Korkyt Ata

In this article having taken the original copy of the epos of Korkyt as a basis, leaning on conclusions and authoritative opinion of German, Turkish, Azerbaijani, Kazakh researchers, is made the review on history of emergence of the epos of Korkyt, its place in the world's literature, also importance of the work in understanding of history and the culture of the Turkic people, a historical image of Korkyt, the language, analysis and the translations of the work. The conclusions about an essence of the epos and its translation into other languages were made, the identity of Korkyt and its epen are also defined.

**Key words:** Korkyt's image, genuine copy, legend, Oguz tribes, manuscript, korkyt studies.

Жеменей И.<sup>1</sup>, Палтөре Ы.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>профессор, e-mail: Jemeneyislam@yahoo.com

<sup>2</sup>PhD, e-mail: yktyiar@inbox.ru

Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
Казахстан, г. Алматы

### История возникновения эпоса Коркыт ата

В этой статье, на основе подлинной копии эпоса Коркыта и выводов и авторитетных мнений немецких, турецких, азербайжанских, казахских ученых-коркытоведов, сделан обзор истории возникновения эпоса Коркыта, определено его место в мировой литературе, также отмечена важность произведения в понимании истории и культуры тюркских народов, исторический образ Коркыта, язык, исследования и переводы произведения. Сделано заключение о сути эпоса и его перевода на другие языки, также определена самобытность Коркыт ата и его эпосов.

**Ключевые слова:** Образ Коркыта, подлинная копия, легенда, племена огузов, рукопись, коркытоведение.

## Кіріспе

Он екі жырдан тұратын Қорқыт ата кітабы түркі халықтарына ортақ әлемдік классикалық шығарма, Гомердің «Илиада», «Одиссея» (б.з.д. 12-8 ғ.ш.), үнді елінің «Махабхарата» (б.з.д. 2 ғасырдың 2-жартысынан басталатын шығарма) эпостарымен қатар тұратын жаһан жұртшылығына ортақ туынды. Жырдың әдеби, тарихи, тілдік, тәрбиелік, философиялық және мифологиялық ерекшеліктеріне байланысты әлем ғалымдарының назарына ілігіп, зерттеу нысанына айналды. Бірнеше тілге аударылды.

## Негізгі бөлім

Қорқыттанушы ғалымдар арасында «Қорқыт ата оғыз түріктері мәдениетінің толық көрсеткіш айнасы», – деп кесіп айтатындар бар. Олардың айтатұғын уәждері, біріншіден – дастанда аты аталған қалалар: Байборд, Қарадениз, Мардейін, Ақисар, Тырабозон және Істанбұл қалалары Анадолы (қазіргі Түркия) топырағында орын тепкенін айтады. Сондай-ақ, дастандарда аты аталған қалалардың біразы Әзірбайжан территориясында орналасқан. Олар: Гәнже, Боздағы, Алынче қамалы, Гуиже көлі, Дәршам мен Дәрбәнд деп аталатын елді мекендер. Екіншіден – Әбілғазиз Баһадүр хан «Түрікмендер шежересі» атты еңбегінде «Қорқыт ата оғыздардың аңызға айналған патшаларының уәзірі болғанын», – бірнеше рет қайталап атап кеткенін негізге алады. Оғыздар – түрік халықтарының өте көне заманнан келе жатқан тайпасы. Олардың басым бөлігі XI ғасырға дейін көшпенді болған. Маһмұт Қашғаридің «Диуани лұғат ат түрік» атты еңбегінде оғыздардың жиырма төрт тайпадан құрылған жайын әңгімелейді. Оғыздар 960 жылынан бастап ислам дінін қабылдай бастап, он бірінші ғасырларда мұсылмандық олардың арасында бір тұтас сипатқа ие болып, олардың жаңа ислами дүниетанымы қалыптаса бастайды. Оғыздар X ғасырда Сыр бойынан әр түрлі тарихи себептерге байланысты көше бастаған. Солардың бір бөлігі Әзірбайжанда қоныстайды. Сонда қорқыт ата дастаны Арал теңізі төңірегі, Сыр бойында отырған оғыздар арқылы Әзірбайжан өлкесіне жетеді. Дастандар жаңа өлкеде сол жердегі жаңа оқиғаларға сәйкес жаңаша тілдік һәм мазмұндық тұрғыдан жырлана басталған. В.В. Бартольд (1869-1930) түркітанушы, ирантанушы ғалым ретінде ең көп зерттеген зерттеуші ретінде оғыз тайпалары жайында былай: «Оғыздар Сыр бойынан түріктердің

пірі, жырауы һәм олардың ұлыстық санасын қалыптастырушы Қорқыттың аңыз-әңгімесін батыс жаққа алып барды. Сондықтан Қорқыттың әдеби үлгісі түрікмендер арасында күні бүгінге дейін бар. Орта ғасырлар да Қорқыттың аңыз-әңгімесі Анадолы топырақтарында да танымал болған. Османлы империясы кезінде XVII ғасырға дейін Әзірбайжанда таралу қарқыны күшті болған. Тіпті X ғасырға түріктердің бір бұтағы болған пешенектер арасында да Қорқыт есімі белгілі болған. Қорыта айтқанда: Қорқыттың аңыз-әңгімесі түріктердің исламнан бұрынғы әдеби мұрасы ретінде оғыздар арқылы батысқа қарай жол тартқан», – деп жазған. Үшіншіден дастанның бірінші: «Мұхаммед пайғамбар заманына жақын Баят бойынан (руынан) Қорқыт ата делінген бір кісі бар еді», – деген жолында «Баят» руын оғыздың жиырма төрт тайпасының бірі болған Бозух бұтағынан тараған Гун хан балаларының бірі делінген үшін де қорқыт дастаны оғыз тайпасына арналған жыр екенін айтады. Оғыздың Баят руларының қоныс тепкен аймақтары: Иран, Ирақ, Ауғанстан, Түркия және Сирияның солтүстігі деген зерттеушілер. Баяттар өз ішінде үш бұтаққа бөлінеді. Олар: а) ақ баят ә) қара баят б) шам баяты. Әзірбайжан өлкесіне билік құрған Ақ қойынлы (1468-1514) тайпасы оғыздан тараған түрікмендерден болған. Ақ қойынлы билік басында тұрған кезеңде 1491 жылы Қарабақта тұратын қажар тайпасы Иран жақтағы Әзірбайжан бөлігіне келіп қоныс тепкен екен. Сол қажар түркі, шам баяттан шыққан тайпа болған. Олардың рубасысының аты «Қажар» болғандықтан «қажар түріктері» деп аталып, кейін иранда өзінің атымен аталған қажар патшалығын (1795-1925) құрды. Сонымен бірге иран жерін мекендеген қашқай тайпасының арасында да баят руы барлығы анықталған (М. Раһманифәр. «Ежелгі иран түріктерінің тарихына жаңа көзқарас»). Ал Ауғаныстанда Кабул, Мазар шәріп тағы басқа аймақтарда тұратыны белгілі болған. Ирақ елінің Әрбил, Маусыл және Кәркөк аймақтарында тұрады екен. Иранның Арак, Зәнжан, Үрумие, Хузестан, Бружерд, Хорасан тағы өзге аймақтарда өмір сүріп жатқандары мәлім болды. Әзірбайжан Республикасының Ағжанды, Дәвечы (Түйеші), Нефтчала, Шамаһи, Ожар тағы басқа жерлерін мекен еткенін зерттеушілер айқындаған. Түркменстанның төрт аймағы, Өзбекстанның бір аймағы осы баят руының есімімен аталады екен (Turkiye-vikipedia). Осылайша оғыздың баят руы арқылы да қорқыт жыры кеңінен тараған шығар деп болжалады.

Қорқыт ата түріктер арасында данагөй, сәуегей әулие болып таныған тұлғаны қазақ пен түрікмендер «Қорқыт ата» деп атаса, Әзірбайжан мен Анадолы түріктері «Дәде Қорқыт», – деп атайды. Қалай десек те Қорқыт дастандарының шығу тарихы жайында тұжырымдар мен зерттеулер қазіргі уақытқа дейін ортақ қорытындыға келе алмай әр түрлі көзқарастарға жол ашып келеді. Бұл түйткілден арылған жағдайда, қорқыт дастаны түрік тарихының саяси, мәдени өрісінің қаншалықты терең екендігін айғақтай алатын дәйекке айналар еді. Сол себептен Қорқыт дастанының шығу тарихын анықтау өте зәру әрі саяси-тарихи мәні зор тақырып. Оған Қорқыттың тарихи ролі дәлел. Қорқыт түркілік ортақ сананы қалыптастыру міндетін атқарушы тұлға. Сондай идеяға иелік етуге «абыз» адам қажет болатұғын, сондықтан Қорқыт халықтың тарихи талабының тұлғасы болып орнықты.

Әр елдің тарихын зерттегенде ол тарихтың мәдениет, әдебиет және өнерін қатар зерделеуге тура келеді. Мәселен Рашидеддин Фәзлोलла (1249-1318) жазып қалдырған «Жамеһ әт-тауарих» (жалпы тарих) атты еңбегіндегі «Оғызнама» мен «Қорқыт ата» кітабы арасында ортақ жағрафиялық бақ бар. Сол себепті Сыр бойынан көшкен селжүктер өздерінің империясын құрып, осман империясының құрылуына негіз қалағанда Иран мен Анадолыға құр қол барған жоқ. Селжүктер ежелден өздерінің бойында түріктік құндылық болып, сіңіскен нанымдар, салт-дәстүрлер, жыр-дастандар мен дүниетанымын аталған жерлерге алып барды. Олар ежелден жадында сақтап келе жатқан Қорқыттай абыз адамды елдігінің туы етіп, ата-мекеннен жолға шыққан. Сол себептен Қорқыт кітабының шығу тарихын зерттеу маңызды. Өйткені бұл жайында бірнеше, бір-біріне кереғар тұжырымдар бар екені анық. Жалпы алғанда Қорқыт кітабының шығу тарихына екі түр тұжырым бар. Дастанның шығу тарихын ортағасырдан іздейтіндердің пікірін төменгідей тізбелеуге болады:

Біріншіден, дастанның XVI ғасырда хатқа түскенін айтып, шығу тарихын XIV-XV ғасырлар аралығында деп болжап, солай қабылдаған ғалымдар бар.

Екіншіден, Қорқыт дастанының ең сенімді нұсқасы XV ғасырда жазылған болса да оның түпкі нұсқасы оғыздар ислам дінін қабылдамаған X-XI ғасырлар аясында болған деп пікір айтады. (Жауади, Бурил).

Үшіншіден, Түркияның оғызтанушы ғалымы Фарук Сүмер (1924-1995) Қорқыт дастанын

Сыр бойындағы оғыз түріктері IX – X ғасырлар аралығында жазған деп пайымдайды.

Төртіншіден, Жефри Луйыс бұл кітап XIV ғасырдың шығармасы десе, Мейкер оның жазылу тарихын XIII-XV ғасырлар аралығы деп болжам айтады.

Бесіншіден, Қорқыт дастанының шығу тарихы жайындағы тағы бір түйін – 1998 жылы ЮНЕКО тарапынан кандидат болған Әзірбайжан Республикасы 2000 жылында «Әзірбайжандық «Дәде Қорқыт» эпосының жазылуының мың үш жүз жылдығы» орайында салтанатты той өткізді.

Жоғарыда Қорқыт кітабының шығу тарихына қатысты бес түрлі көзқарастар VIII-XV ғасырлар аралығында шыққан деп пікір білдірсе де бір тоқтамға келіп, ең болмағанда шыққан ғасырына да нақты айғақ айта алмай отыр. Осыған орай Қорқыт дастанының шығу тарихын исламнан бұрын болған деп тұжырым жасауға дәлелдер де ғылыми тұжырымдар да жеткілікті бар. Сондықтан Қорқыт дастанының шығу тарихын ислам дінінен бұрын болған деген дәлелдер мен болжамдарды былай тізбелеуге болады. Олар:

Біріншіден, дастан: Мейірімді және Қайырымды Алланың атымен, – деп бастағаннан кейін «Мұхаммед пайғамбар заманына жақын Баят бойында Қорқыт ата делінген бір кісі бар еді), – деп жалғастырып, дастанның бірінші жолында дастанның шығу тарихы исламнан бұрынырақ жырланғанын анықтап беріп отыр.

محمد بيغميرينز امانينا ياخين بابايتويويندا قورقود انا نييلن بير  
«كيشى وار ايدى»

Екіншіден, немістің танымал дипломат, шығыстанушы, кітаптанушы зерттеуші, аудармашысы Генрих Фридрих Фон Диц «H.F. Von. Dies» (2 қыркүйек 1751, Бернбург – 7 сәуір 1817, Берлин) тұңғыш рет 1811-1815 жылдар аралығында Дрезден қаласындағы Қорқыт дастанының қолжазбасын түпнұсқасын зерттеп, зерделеген соң оның толық жаңа нұсқасын Берлин кітапханасына дайындады. Сол жұмыстың барысында қолжазбаның «Төбе көз» дастанын неміс тіліне аударды. Г.Ф.Ф. Диц аталған жұмыстарды атқарған маман ретінде Қорқыт дастанының шығу тарихына орай Қорқыттың «Төбе көз» дастанын гректің әйгілі ақыны Гомердің (б.з.б. VIII) «Одиссея» эпосымен салыстырып, оған қорытынды жасаған. Ол онда: Гомер «Одиссея» (б.з.д. 12-8 ғ.ш.) эпосындағы бір көзді дию дастанын Қорқыт дастанынан көшірген немесе қорқыт дастанының мазмұнынан хабардар болған үшін оған еліктеп

жырлаған деген ой айтқан. Өйткені Гомердің дионы барлық жағынан Қорқыт дастанындағы Төбе көз дионына ұқсас келеді. Осыған орай Гомер, Қорқыт дастанынан хабардар болған. Ал қорқыт жырын жырлаушылар Гомерді және оның шығармаларынан хабардар болмағанына қарап, Қорқыт дастанының шығу тарихы Гомер өмір сүрген заманнан да бұрын болғанын болжауға болды.

Үшіншіден, Қорқыт дастанындағы «Дәлі Думрол» (دلی دومرول) кейіпкері Гілгәмеш дастанындағы бір кейіпкермен ұқсастығы айтылады. Бұл жөнінде әзірше жүйелі зерттеу қолға алып отырғанынан хабарымыз жоқ. Ал Гілгәмеш, адамзат тарихындағы алғашқы эпостық кейіпкері. Гілгәмеш эпосында достық, махаббат, тәкаппарлық, мақтану, жауынгерлік пен адам баласының үстемдік құру нәпсісі жайы айтыла тұра, өлімнен қорқу мен мәңгілік өмір сүру арманы дастанның негізгі идеясына айналып кетеді.

Гілгәмеш ежелгі шумер патшаларының тізімінде бесінші орында тұр. Шумер патшалығының тарихы екі дәуірге бөлініп қаралады. Бірі ұлы топан суынан бұрынғы патшалар, екіншісі – ұлы топан суынан кейінгі патшалары. Гілгәмеш сол кейінгі дәуірдің патшаларының қатарына жатады. Гілгәмеш оқиғалары Ұрық қаласында өтеді. (Ұрық: бүгінгі Ирак еліндегі екі өзен арасында орнасқан қала болған). Гілгәмеш Луглиандаұлы б.з.б. 2700 жылында салтанат құрып, 126 жыл билік құрған. Гілгәмеш дастандарының барлығы тасқа қашалып жазылған. Ең ғажабы 12 дастан 12 тас беттеріне нақышталып, бедерленіп тұр. Гілгәмеш дастандары қазіргі Ирак мемлекетінің аймағындағы екі өзен (Тигр – Евфрат) арасында орналасқан ежелгі Ұрық қаласындағы оқиғаларды қамтиды. Гілгәмеш шығармасының 12 дастаны төмендегідей:

1. Гілгәмеш қиындық көрген сайын көңілі көтеріліп, шаттана түседі.
2. Анкидудың Гілгәмешпен табысуы әрі орман құдайлары Хумбемен соғысу жайын кеңесулері.
3. Анкидудың қаланы тастап, қайтып кетуі.
4. Күн құдайы Шәмшты қозғауы.
5. Киелі орманға жетулері.
6. Гілгәмештің Махаббат құдайы Ештермен әңгімелесуі.
7. Анкидудың екінші түсі.
8. Анкидудың өлімі, Гілгәмештің зары.
9. Гілгәмештің үшінші түсі.
10. Күн құдайы Шәмштың Гілгәмешқа таулы аймақтардың данасы Си Дури Саи ту-мен кездесуге жол сілтеуі.

11. Гілгәмеш мен Си Дури Саи ту өзара әңгімелесуі.

12. Гілгәмештің топырақ әлемінің астына сапар шегуі әрі Анкидудың көлеңкесімен сөйлесуі. Гілгәмештің ісінің соңы.

Ескерту: бұл мәліметтер Гілгәмештің дастандарының аудармашысы Аһмет Шамлу (1925-2000) иранның танымал ақыны, жазушы, сөздік құрастырушы, әдебиеттанушы және аудармашы, тәржімасы бойынша алынды.

Он екі дастан он екі тасқа қашалып жазылған. 1872 жылы ағылшын ғалымы Жорж Смит тарапынан табылды.

Қорқыт дастанының қолжазбасын алғаш рет Дрезден кітапхана қызметкері Флишер кітаптарды тізімге алу кезінде анықталды. Қолжазбаның мұқаба бетінде «Оғыз тайпаларының тіліндегі Дәдә Қорқыт кітабы» деп жазылған. Бұл қолжазба Сұлтан Аһмет паша (1590-1617) билікте болған 1603-1617 жылдар аралығында Топқапы кітапханасына тапсырылды деген анықтамасы болғаны үшін Флишер оны сол ғасырлардың кітаптар тізіміне енгізген.

Қорқыт кітабының Ватикан нұсқасы да бар. Ватикан қорындағы қолжазба 6 дастаннан тұрады. Ғалымдардың пайымдауы бойынша Дрезден нұсқасынан бұрынырақ жазылған. Сондай-ақ Ватикан нұсқасының жазулары түгелдей дыбыстары әрекет таңбаларымен белгіленген. Бірақ неміс нұсқасында әрекет (дыбыстық таңба) қойылмаған. Ватикан қолжаба нұсқасын 1950 жылы италияндық ғалым Атур Рози тапты. Аталған қолжазба 109 беттен тұрады.

Дрезден нұсқасы 12 дастаннан тұрады, 154 бетте жазылған. Кітаптағы он екі дастанның мазмұны төменгідей болып табылады:

1. Дирсеханұлы Бұғаш дастаны
2. Қарашық шопанның дастаны
3. Байбөріұлы Бамсы Байыр дастаны
4. Бурла хатун дастаны
5. Тоқа Қожаұлы Делі Домрул дастаны
6. Қаңлы Қожаұлы Қан төрелі дастаны
7. Қазылық Қожаұлы Иейене дастаны
8. Төбекөзді өлтірген Босат дастаны
9. Бекілұлы Омран дастаны
10. Ұшан Қожаұлы Секрек дастаны
11. Ораз дастаны
12. Салур Қазан дастаны

Қорқыт дастандары өлең әрі қара сөз арқылы айтылып, жырланып келген. Дастанда 200 бәйіт өлеңі бар, ал қалған мәтіндер қара сөзбен айтылады. Кітапта үштен бірін өлең жолдары құраса, үштен екісі қара сөзден тұрады. Кітаптың тілі



жалпы алғанда түрік тілі, тек қана 350 араб сөзі, 136 парсы сөзі бар. Бұның өзі дастанның шығу тарихы тереңіректе жатқан деген түйінге жетелейді. Өйткені парсы – араб тілдерінің түркі тіліне онша ықпал ете қоймаған кезде жырланғанын байқатады.

Гіlgәмеш мен Қорқыт арасындағы ұқсастықтар: екеуі де өлімнен құтылып, мәңгі өмірге талпынады. Бірақ соңында екеуі де өлімді мойындайды. Гіlgәмеш эпосын орыс тіліне аударған И.Н. Дьяконовтың пікірінше, поэманың өзегінде: «адам өмірінің мәнсіздігі, бәрібір түбі келмей қоймайтын, алмай қоймайтын ажалдың әділетсіздігі» туралы ой жатыр.

Гіlgәмеш пен Қорқыт аңыздарында өлімнен қорқу жатыр. Өлім трагедиясы қазақтар арасында қорқыттың қобызы арқылы өзге түрік-

терге қарағанда өзгешелеу сипатқа ие. Сол себептен Қорқыт тұлғасы Әзірбайжан, Анадолы және Түрікменстан, тіпті Иран, Ауғаныстан халықтарының арасында тараған Қорқыт дастандарын топтастырып, салыстыра отырып, зерттеліп, зерделенуге тиіс деп есептейміз. Гіlgәмеш эпосы мен қорқыт дастанының арасындағы айырмашылықтар: Гіlgәмеш эпосының он екі дастаны тасқа қашалып жазылған үшін бастапқы күйінде бізге жетті. Ал Қорқыт дастаны тарих бойынша халықтардың замана талабы бойынша өзгеріп, жаңа мазмұнға ие болып отырды. Сол себептен қорқыт дастанының тарихи жолындағы өзгеріс пен мазмұнын анықтау арқылы тарихтың әр дәуірінің арман мен мақсатын анықтауға көмектесе алатын шығарма ретінде ұдайы зерттеліп, зерделеніп тұруға тиіс.



1-сурет – Гіlgәмеш эпосының 11-ші жыры



2-сурет – Дрезден нұсқасының бірінші беті

Төртіншіден – Қорқыт дастанының шығу тарихы жайында түрік ғалымдары да жырдың исламнан бұрын болған деген пікір айтқан. Олардың қатарында Аһмет Фуат Көпірлі (1890-1966) бар. Ол былай: «Қорқыт дастандарының жиынтығы исламнан бұрынғы заманнан тамыр тартқандығы байқалады. Бұл дастанда ғасырлар бойы ауызша айтылып, құлақтан құлаққа

жетіп, ең соңында хатқа түсіп, жазба дерекке айналған» деп ой білдірген. Тағы да түркі тарихына көп еңбек сіңірген Аһмет Кабаклы (1924-2001) Қорқыт дастанының шығу тарихына орай: «Соншама көп қоғамдық міндеттер атқарып жүрген Қорқыт ата, исламнан бұрын түркілер арасында өмір сүрген. Сондай-ақ түрлі түрік тайпалар арасында түрлі атпен аталып келген.

Мәселен: тоғыз оғыздар – шаман, алтайлар – кам, жақұттар – ойын, қырғыздар – бақсы және оғыздар – озан атаған. Қорқыт ел ішінде шешен, тақуа, дін басы, сәуегей, сазгер және ақын болып танылған. Сондықтан жалпы халық одан қорқатын әрі сыйлайтын болған. Өйткені халық Қорқытты тәңірмен жақын байланыста болған деп білетін», – деп пікір айтқан.

Бесіншіден – зерттеуші қаламгер Мұрат Әуезов Гілгәмеш пен түркі поэмалары арасындағы ортақ құбылыс барлығына тоқтайды. Онда:

«Ұрықтың қақ ортасында тұрып айқайлармын,  
Мен қуаттымын.  
Мен ғана өзгертемін тағдырларды,  
Кім далада туған – оның күші сұрапыл.  
Кейіпкердің өзін-өзі бұлай бағалауы  
көшпелі түркі поэзиясына тән құбылыс», –

деп тұжырым жасайды.

Сондықтан Қорқыт поэмасы ежелгі түркі тарихынан бүгінге жетіп, ислам дінімен бірге тұңғыш данагөй, әулиесі болып танылған тұлға болуы ықтимал. Ал қазақтар арасында оны «абыз» деген. Абыз сөзінің өте ескі заманнан тамыр тартқан деп нақтылай білсек Қорқыт дастанының шығу тарихына бір адым жақындай түсеміз. Қазақ әдбиеті мен мәдениетінде «абыз» адамның орны ерекше екендігіне аса мән беріп жүрген қайраткер ғалым Мекемтас Мырзахметұлы «Абыз» атты көлемді мақаласы жаңа зерттеулерге шамшырақ бола алатын шығар. Сонда Қорқыт ата абыз адам болмақ.

Бесіншіден – Қорқыт дастанының шығу тарихы жайында қазақ ғалымдары да пікір жазып қалдырған. Академик Әлкей Марғұлан (1904-1985) түркиялық ғалым Орхан Шайық Көкайдың (1902-1994) тұжырымына сүйене отырып, өз ойын: «Қорқыт әңгімелерін жақсы зерттеген Орхан Шайық араб, парсы және түркі тілдерінен көп жаңа мәліметтер тапқан. Сол мәліметтер бойынша Қорқыт әфсанасын ең ерте заманда Сыр бойында қоныстанған Оғыз бен Қыпшақ тайпалары шығарған. Олардың ескі аңыздарда Сыр бойында қоныстанған тайпалардың (үйсін, қаңлы), алып ерлері (Бамсы, Алпамыс, Қазанбек, Басат, Екрек, Секрек) аталады», – деп қорытқан.

Осылайша Қорқыт дастанының шығу тарихы жайында түрлі тұжырымдар мен пікірлер бар. Сондықтан Қорқыт шығармасының тарихы түрік халықтарының ішкі бауындай оның болмысының бір қырын айқындай түсетін анықтамалық сипаттағы туындыны кешенді түрде зерттеген аб-

зал. Әсіресе зерттеуші ғалымдар Қорқыт атаның мазары Қазақстан аймағында орналасқан Ғазалы – Қызылорда арасындағы темір жолының бойында Сыр жағалауында жатқандығын қабылдап жүр. Сондай-ақ қазақ арасында «Қорқыт өміріне қатысты аңыз-әңгіменің басым көпшілігі күймен көмкеріліп, күймен сабақтасып отырады. Ел ішінде «Қорқыт күйі», «Қорқыт сарыны», «Қоңыр», «Тәңір күйі», «Қорқыттың елмен қоштасуы» деп келетін қобыз күйлері, байырғы сарындар күні бүгінге дейін тартылады» деген тұжырым бар. Сондықтан Қорқыт кітабының қазақ ғылымында да терең зерделену керектігін ұдайы сезіп отырғанын Қазақстанда зерттеліп келе жатқанынан байқауға болады.

Қорқыт дастанының тәржімасы мен зерттеулер жайын әңгіме еткенде әрине бірінші болып, немістің танымал қорқыт зерттеушісі, аудармашысы Г.Ф. Диц еске алынады. Өйткені ол тұңғыш рет 1811-1815 жылдар аралығында Дрезден қорындағы дастанының қолжазбасынан текстология жасаған жаңа нұсқасын Берлин кітапханасына дайындады. Сондай-ақ «Төбе көз» дастанын неміс тіліне аударды. Әрі шығарманың шығу тарихы жайында өз тұжырымын жариялады. Неміс ғалымдары тарапынан Дицтен кейін Қорқыт кітабының зерттелуі жалғасты. М.П. Хутсма, И. Хаин және Ф. Бабингер сияқты зерттеушілер тарапынан жалғасын тапты.

Қорқыттану саласына орыс ғалымдары: В. Бартольд (1869-1930), А.Г. Туманский (1861-1920), В.М. Жирмунский (1891-1971), сондай-ақ Кеңес одағындағы Әбубәкір Диваев (1855-1933) сынды түріктекес ғалымдары мен құран кітабын неміс тіліне аударған, зерттеушісі Theodor Nöldeke (1836-1930) елеулі қызмет жасады. Nöldeke 1859 жылы Қорқыт кітабын қайтадан түгелдей тексеруден өткізіп, аударуға кірісті. Бірақ оған шамасы келмей қалды. Кейін В. Бартольд 1894-1910 жылдар аралығында Nöldeke дайындаған нұсқасын аударды. Ол әуелі кітаптың төрт дастанын орысша аударып, қолжазбалық мәтіндерімен бірге сол замандағы мәдени-әдеби басылымдарда жариялады. Одан соң үлкен табандылықпен кітапты толық тәржімалап шықты. Бірақ тірі кезінде жұмысын баспадан шығаруы мүмкін болған жоқ. В. Бартольд дүние салған соң 1950 жылы Әзірбайжан ғалымдары: Һамид Араслы мен М. Тәһмасп В. Бартольдтың аудармасын толықтай Бакуда баспадан шығарды. В. Бартольд атқарған еңбектер ұшан-теңіз. В. Бартольдтың аударма мен зерттеулері жөнінде ардақты қазақ ғалымы Ә. Қоңыратбайдың кітабынан толығырақ мағлұмат алуға болады.

Қорқыттану бағытында түрік ғалымдары аса құнды зерттеулер жүргізді. Олардың қатарында: Kilisli Rifat Bilge (1873-1953) неміс ғалымы Дицтен жүз жыл кейін 1916 жылы қорқыт кітабын Түркияда жарыққа шығарды. Ali Rıza Yalman (1889-1960), Abdülkadir İnan (1889-1976), Mehmet Fuad Köprülü (1890-1966), Othman Şaik Gökyay (1902-1994), Muharrem Ergin (1923-1995) сынды зерттеуші ғалымдарды атауға болады.

Түркияда Kilisli Rifat Bilge жариялаған қорқыт кітабы жиырма жылдан кейін 1936 жылы Бакуда академик Һамид Ағашлы тарапынан Бакуда жарияланды.

Француз ғалымдары да Қорқыт аңызын, қазақ даласымен тығыз байланысы бар екендігіне көңіл бөліп, терең зерттеген. Олар зерттеу нәтижесінде халықтың тіршілігі, салт-дәстүрі, қоғамдық қарым-қатынасы, билік жүйесі сынды көптеген бағытта оң қорытындылар жасауға қол жеткізген. Француз ғалымдар арасынан атап айтқанда: Пауыл Пеллио, Е. Блоше және П. Ру сияқты зерттеушілерді тілге тиек етуге болады.

Иран ғалымдары қорқыттану саласында айтарлықтай еңбек сіңіріп келеді. Мәселен ғалым Үсейін Мұхаммедзада Сыдық ұзық жылдар бойы түрік мәдениеті мен тарихын зерттеп келе жатқан түркітанушы маман. Ал ғалым Мұхаммедәли Фәрзәне Қорқыт кітабының канондік нұсқасын Дрезден мен Ватикан қолжазба нұсқалары бойынша дайындап, 1980 жылы өте жоғары сапамен шығарды. Сондай-ақ Самат Бейрэнги (1939-1967) Қорқыт дастандарының бірін «Дәлі Думрол» дастанын парсышаға тәржімалап шығарды. Бейхат Бейзади (1930-2010) Қорқыт кітабын толық парсы тіліне аударып жариялады.

Қазақ ғалымдары да қорқыттану саласында ерен еңбек етті. Шоқан Уәлиханұлы (1835-1865), Әлкей Марғұлан (1904-1985), Әуелбек Қоңыратбай (1905-1986), Рахманқұл Бердібай (1927-2012) сынды зерттеушілер түркітану бағытында елеулі зерттеулер жүргізді.

Қорқыт кітабы неміс, орыс, француз, ағылшын, италиян, парсы, сонымен бірге түрік халықтары тілдерінде жарық көрді. Қазақ тіліне белгілі қайраткер ғалым Әуелбек Қоңыратбай аударды. Осылайша тұңғыш рет қазақ тілінде сөйлеген Қорқыт кітабы 1986 жылы баспадан шығып, оқырмандарға жол тартты.

Қорқыт дастанының тілі жайлы әңгіме болғанда жалпы 90 пайыз сөздер түркі тілінде деп анықталған. Оның ішінде оғыз, қыпшақ, тағы басқа Сыр бойында өмір кешкен түрік тайпалардың тілдік ерекшеліктерін шығарманың мәтінінен таба аламыз. Мәселен: шығармада балама (синоним) сөздер пайдаланған кезде, екі сөзде түркі сөзі болып келеді. «ет = қыл», «де = сөйле», «есен = сау», «қызыл = алтын», «кет-мек = бармақ», «иігіт = алып», осында аталған сөздер қазіргі қазақ тілінде де бар. Демек Қорқыт дастандарының тілі барлық түркі халықтарына ортақ тіл іспеттес.

### Қорытынды

Түйіндеп айтқанда, Қорқыт дастандары түркі халықтарының ежелден бүгінгі заманға дейінгі мәдениет пен әдебиетінің тарихи сабақтастығын айқындай алатын құнды шығарма. Сол себепті Қорқыт ата дастандары кешенді түрде тұрақты зерттеліп, зерделеніп, мәдени кеңістігімізде айналымда болуға тиіс туынды.

### Әдебиеттер

- Ислам Жеменей. Түрік халықтарының әдебиет тарихы: оқу құралы. – Алматы: Таңбалы, 2014. – 200 б.
- Fuad Köprülü ‘Türk edebiyatında ilk mutasavvıflar’ Ankara, 1984. – 427 sayfa.
- Әуелбек Қоңыратбайұлы. Көп томдық шығармалар жинағы. – II-том. – Алматы: МерСал, 2004. – 518 б.
- Ahmet Kabaklı «Türk edebiyatı», çekaran: Türk Edebiyatı Vakfı Yayınları, dört cild.
- Nihad Sami Banarlı, «Türk Edebiyatı Tarihi», Devlet kitapları, Milli Eğitim Basımevi-iki cild, İstanbul, 1987.
- Риза Шабани. Иран Тарихы / Парсы тілінен аударған Ислам Жеменей. – Алматы: Зерде, 2002. – 288 б.
- Faruk Sümer, «Oguzlar», tercüme – A. Onsoy, Günbet, 2001. – 1380.
- «Оғыз – наме», «Мұхаббат – наме». – Алматы: Ғылым, 1986. – 208 б.
- Бартольд В. Орта Азия Түріктерінің тарихы / Аударған Наффар Үсейіни. – Тегеран, 1376. – 316 б.
- Мырзатай Жолдасбекұлы, Қойшығара Салғараұлы, Ақселеу Сейдімбек. Елтұтқа. – Астана: Kül Tegin, 2001. – 357 б.
- Мұрат Әуезов. Ділім. – Алматы: Жібек жолы, 2017. – 456 б.

**References**

- Islam Jemenei «Türk halyqtarynyń ádebiet tarıhy». Oqý quraly, - Almaty: «Tańbaly» baspasy, 2014, – 200 bet.
- Fuad Köpürülü ‘ Türk edebiyatında ilk mutasavvıflar ’ Ankara: 1984, -427 sayfa.
- Áýelbek Qońyratbauly, «Kóp tomdyq shyǵarmalar jınaǵy», - II -tom. Almaty: «MerSal» baspa úii. 2004, -518 bet.
- Ahmet Kabaklı «Türk edebiyatı», çekaran: Türk Edebiyatı Vakfı Yayınları, dört cıld.
- Nihad Sami Banarlı, «Türk Edebiyatı Tarihi», Devlet kitapları, Milli Eǵitim Basımevi –iki cild, İstanbul, 1987.
- Rıza Shabanı «Iran Tarıhy», - parsy tilinen aýdarǵan: Islam Jemenei, Almaty, «Zerde» baspasy, 2002. – 288 bet.
- Faruk Sümer, «Oguzlar», tercüme – A. Onsory, Günbet, 2001, 1380.
- «Oǵyz – name», «Muhabbat – name», Almaty: Ğylym, 19866 –208 b.
- V. Bartold «Orta Azııa Túrrikteriniń tarıhy», - aýdarǵan: Naffar Úseini, Tehran, 1376. 316 b.
- Myrzataı Joldasbekuly, Qoıshyǵara Salǵarauly, Aqseleý Seıdimbek «Eltutqa», Astana «Kül Tegin» baspasy, 2001 – 357 bet.
- Murat Áýezov, «Dilim», - Almaty: «Jibek joly» baspa úii, 2017, – 456 bet.